

Теміржол көлігі саласындағы қызметті жүзеге асыратын террористік тұрғыдан осал объектілерді терроризмге қарсы қорғауды үйымдастыру жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрінің 2023 жылғы 19 сәуірдегі № 267 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2023 жылғы 21 сәуірде № 32343 болып тіркелді.

"Терроризмге қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 10-2-бабының 1-тармағына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Осы бұйрыққа қоса берілген Қазақстан Республикасының теміржол көлігі саласындағы қызметті жүзеге асыратын террористік тұрғыдан осал объектілерді терроризмге қарсы қорғауды үйымдастыру жөніндегі нұсқаулық бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрлігінің Көлік комитеті:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Индустрія және инфрақұрылымдық даму вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрі

M. Карабаев

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Ішкі істер министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Ұлттық қауіпсіздік комитеті

Қазақстан Республикасының
Индустрія және
инфрақұрылымдық даму
министрінің
2023 жылғы 19 сәуірдегі
№ 267 бұйрығымен
бекітілген

Теміржол көлігі саласындағы қызметті жүзеге асыратын террористік тұрғыдан осал объектілерді терроризмге қарсы қорғауды ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулық

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Теміржол көлігі саласындағы қызметті жүзеге асыратын, террористік тұрғыдан осал объектілерді терроризмге қарсы қорғауды ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулық (бұдан әрі – Нұсқаулық) "Терроризмге қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 10-2-бабының 1-тармағына сәйкес әзірленді және терроризмге қарсы қорғауды ұйымдастыруды мақсаттарды, қағидаттар мен міндеттерді айқындейды.

Нұсқаулық Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Террористік тұрғыдан осал объектілердің терроризмге қарсы қорғалуын ұйымдастыруға қойылатын талаптарды бекіту туралы" 2021 жылғы 6 мамырдағы № 305 қаулысымен бекітілген талаптарды (бұдан әрі – Талаптар) егжей-тегжейлі баяндайды және теміржол көлігі саласындағы қызметті жүзеге асыратын террористік тұрғыдан осал объектілерді терроризмге қарсы қорғауды қамтамасыз ету жөніндегі міндетті іс-шараларды белгілейді.

Терроризмге қарсы қорғаудың жалпы қағидаттары:

1) барабарлық – объектіде қолданылатын терроризмге қарсы шаралардың ықтимал террористік қауіптердің сипаты мен ерекшелігіне сай болуы;

2) кешенділік – жоғарыда аталған қағидаттарға сүйене отырып, объектіні терроризмге қарсы қорғауды құруға және бар күштер мен құралдарды пайдалануға мүмкіндік беретін шаралар жиынтығы;

3) өткізілетін іс-шаралардың күні бұрын (алдын ала) өткізілуі – террористік қатерлердің сипаты мен ерекшелігін ескере отырып, алдын ала әзірленетін шаралар кешені;

4) сараланған тәсіл – объектінің жұмыс істеуінің салалық ерекшеліктерін, оның орналасуын ескеруге бағытталған әдістер жиынтығы.

2. Осы Нұсқаулық Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Объектілерді террористік тұрғыдан осал объектілерге жатқызу қағидалары мен өлшемшарттарын бекіту туралы" 2021 жылғы 12 сәуірдегі № 234 қаулысына сәйкес "Қазақстан темір жолы "Ұлттық компаниясы" акционерлік қоғамының террористік тұрғыдан осал объектілер тізбесіне енгізілген объектілеріне қолданылады.

3. Осы Нұсқаулық объектілер басшыларының, теміржол көлігі саласындағы қызметті жүзеге асыратын объектілердің терроризмге қарсы қорғалуы жөніндегі іс-шараларды жүргізуі қамтамасыз ететін лауазымды адамдардың, сондай-ақ бақылаушы және атқарушы органдардың қызметкерлері объектілердің терроризмге қарсы қорғалуының жай-күйін зерделеу және тексеру кезінде пайдалануына арналған.

4. Бұл Нұсқаулықта мынадай ұғымдар қолданылады:

1) Компания – "Қазақстан темір жолы" ұлттық компаниясы" акционерлік қоғамы;

- 2) НЖС – "ҚТЖ" ҰК" АҚ филиалы - Магистральдық желі бөлімшелері;
 - 3) НОДГП – "ҚТЖ-Жұк тасымалы" ЖШС филиалы;
 - 4) ТТО объектісі – террористік түрғыдан осал объекті;
- 5) күзет қызметінің субъектісі – ТТО объектісінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі шарт жасасқан күзет ұйымы;
- 6) тексеру – тексеру жүргізілетін көлік инфрақұрылымы объектілерінің тізбесіне сәйкес, көлік инфрақұрылымы объектісіне енгізуге тыйым салынған заттар мен заттарды сәйкестендіру және/немесе табу мақсатында техникалық немесе басқа құралдарды, жолаушылар мен келушілерді, олардың жанындағы заттарды, оның ішінде қол жүгі мен бағажды қолдану жолымен тексеру, Қазақстан Республикасы Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрінің "Жете тексеру жүргізілетін көлік инфрақұрылымы объектілерінің, өздеріне қатысты жете тексеру жүргізілмейтін адамдардың, сондай-ақ көлік инфрақұрылымы объектілеріне әкелуге тыйым салынған заттар мен нәрселердің тізбелерін бекіту туралы" 2022 жылғы 19 сәуірдегі № 213 бұйрығымен бекітілген (бұдан әрі - Тізбе) (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 27649 болып тіркелген) Тізбесіне сай және "Қазақстан Республикасындағы көлік туралы" Қазақстан Республикасы Заңы негізінде өткізіледі;
- 7) қол жеткізуді бақылау және басқару жүйесі (бұдан әрі – ҚББЖ) – қол жеткізуді бақылауға, ТТО объектісіне және (немесе) оның персоналы мен келушілерінің жекелеген аймақтарына кіру және (немесе) шығу құқықтарын шектеуге, ақпаратты жинауға және сақтауға арналған техникалық үйлесімді аппараттық құралдардың және (немесе) бағдарламалық қамтамасыз етудің жиынтығы;
- 8) телевизиялық күзет жүйелері – бұзушылықтарды анықтауға және тіркеуге арналған жабық типтегі телевизиялық жүйе болып табылатын бейнебақылау жүйесі;
- 9) хабарлау жүйесі – террористік түрғыдан осал ТТО объектісіндегі адамдарды төтенше оқиғалар (авария, өрт, дүлей зілзала, шабуыл, террористік акт) кезіндегі дабыл және қалыптасқан жағдайдағы іс-әрекеттер туралы жедел хабарлауға (жарық және (немесе) дыбыстық хабарлауға) арналған техникалық құралдардың жиынтығы;
- 10) бақылау-өткізу пункті (бұдан әрі – БӨП) – адамдарды және көлік құралдарын бақылауды, өткізуді, тексеріп қарауды қамтамасыз етуге арналған арнайы жабдықталған орын;
- 11) алғашқы ден қою шаралары - объектінің персоналы мен күзет қызметі субъектісінің қызметкерлері қабылдайтын, уәкілетті мемлекеттік органдарды терроризм актісінің қатері немесе жасалғаны туралы, сондай-ақ терроризм актісінің ықтимал салдарын барынша азайту және жою жөніндегі іс-қимылдар туралы уақтылы хабардар етуге бағытталған бірінші кезектегі іс-шаралар кешені (шұғыл (алғашқы) ден қою күштерімен бастапқы және тергеу іс-қимылдарын жүзеге асыруға көмек көрсету, зардап шеккендерге медициналық көмек көрсету, эвакуациялау және т. б.);

12) қорғалатын аймақ (учаске) – қорғалуға жататын аумақ, сондай-ақ объектіде бөлінген аймақтар (учаскелер), ғимараттардың бөліктері (құрылыстар мен құрылышжайлар), үй-жайлар және олардың конструктивтік элементтері;

13) тойтару аймақтары – ТТО объектісінің инженерлік қоршауларына тікелей іргелес аумақта орналасқан, құрылыстардан, ағаштардан, бұталардан және өзгелерден бос жергілікті жер участекелері;

14) ТТО объектісінің персоналы – ТТО объектісінің, оның ішінде оның жалға алынған аландарында қызметін жүзеге асыратын басшылары, жұмысшылары, қызметкерлері;

15) ТТО объектісінің периметрі – құбық белгілейтін құжаттарға сәйкес ТТО объектісінің шекарасы;

16) өткізу режимі – адамдардың санкциясыз кіруі (шығуы), көлік құралдарының кіруі (шығуы), мұлікті кіргізу (шығару), әкелу (әкету) мүмкіндігін жоққа шығаратын, белгіленген тәртіпті регламенттейтін қағидалар жиынтығы;

17) объектішілік режим – қызметтік тәртіп пен өрт қауіпсіздігі талаптарын орындау мақсатында ТТО объектісінің персоналы, келушілер және ТТО объектісінің қорғалатын аумағында және оған іргелес аумақта орналасқан өзге де адамдар орындастын іс-шаралар мен қағидалар жиынтығы;

18) аса қауіпті аймақ – терроризм актісі салдарынан қирауы ТТО объектісінің қалыпты жұмыс істеуінің айтарлықтай бұзылуына, оның елеулі зақымдануына немесе ондағы аварияға әкеп соғуы мүмкін үй-жай, участекелер және құрылымдық элементтер;

19) таранға қарсы құрылғылар (бөгеттер) – көлік құралдарын мәжбүрлеп баяулатуға және (немесе) тоқтатуға арналған инженерлік-техникалық бұйымдар;

20) терроризме қарсы қорғалу паспорты – терроризме қарсы қорғалуының жай-күйін көрсететін объект туралы жалпы және инженерлік-техникалық мәліметтерді қамтитын және террористік түрғыдан осал объектіде терроризм актілерінің алдын алу, жолын кесу, азайту және (немесе) олардың салдарын жою жөніндегі іс-шараларды жоспарлауға арналған ақпараттық-анықтамалық құжат.

5. ТТО объектілерінің терроризме қарсы қорғалуы мыналарға бағытталған жағдайлар жасаумен қамтамасыз етіледі:

1) ТТО объектілеріне заңсыз кіруге кедергі жасау, оған мыналар бойынша шаралар қабылдау арқылы қол жеткізіледі:

ТТО объектілерінде өткізу режимін белгілеу және оны мұлтіксіз сактау;

объектіге заңсыз кіруді анықтауға мүмкіндік беретін құралдармен инженерлік-техникалық түрғыдан ТТО объектісін нығайту;

2) терроризм актісін дайындау және (немесе) жасау белгілері мен фактілерін анықтау, оған мыналар бойынша шаралар қолдану арқылы қол жеткізіледі:

қудікті адамдар мен заттарды анықтау түрғысынан ТТО объектілеріндегі және жақын маңдағы аумақтағы жағдайды бақылау;

ТТО объектісін инженерлік-техникалық жараптандыру тұрғысынан материалдық-техникалық базаны жақсарту;

3) ТТО объектісінде терроризм актілерін жасау әрекеттерінің алдын алу, оған мыналар бойынша шаралар қолдану арқылы қол жеткізіледі:

күзет қызметі субъектілерімен шарт жасасу арқылы ТТО объектісін күзетуді жүзеге асыру;

келушілер мен көлік құралдарының ТТО объектісіне кірудің белгіленген тәртібін тұрақты бақылауды ұйымдастыру;

ТТО объектісінің персоналында терроризмге қарсы сананы қалыптастыру;

ТТО объектісінің терроризмге қарсы қауіпсіздігін қамтамасыз ететін барлық іс-шараларды бақылау;

4) ТТО объектісінде терроризм актісінің салдарын барынша азайту және жою, оған мыналар бойынша шаралар қолдану арқылы қол жеткізіледі:

теміржол инфракұрылымы ТТО объектілерінің ерекшеліктеріне барабар терроризмнің алғышарттары мен актілеріне ден қою алгоритмдерін әзірлеу;

ТТО объектісінің күзет қызметкерлері мен персоналын терроризм актісін жасау кезіндегі және одан кейінгі әрекеттеріне қатысты тиісті даярлау;

ТТО объектісінің терроризмге қарсы қорғалуы паспортын уақтылы жасау және өзекті күйде ұстай, осы Нұсқаулықтың 5-тaraуына сәйкес тиісінше сақтау.

5) қосымша шаралар Қазақстан Республикасы Президентінің "Ақпарат мониторингінің мемлекеттік жүйесін ұйымдастыру және оның жұмыс істеуі және терроризм актісі қатерінің туындауы туралы халықты хабардар ету қағидаларын бекіту туралы" 2013 жылғы 9 тамыздағы № 611 Жарлығына (бұдан әрі - Жарлық) сәйкес террористік қауіптіліктің белгіленген деңгейіне сәйкес жүзеге асырылады.

6) Қазақстан Республикасының Мемлекеттік күзет қызметі қүзетілетін адамдардың болуына арналған теміржол инфракұрылымының ТТО объектісін терроризмге қарсы қорғауды ұйымдастыруға қойылатын осы талаптарды, олардың қауіпсіздігінің қажетті деңгейлерін қамтамасыз ететін ұйымдастырушылық, күзеттік, режимдік және шаралардың көлемі мен ерекшелігін ескере отырып, қосымша талаптар белгілеуге құқылы.

6. ТТО объектілерін терроризмге қарсы қорғау жөніндегі іс-шараларды өткізу мыналарға:

1) ТТО объектісінің қызметін қамтамасыз ететін компанияның құрылымдық бөлімшесінің басшысына;

2) ҚТК басшысына;

3) теміржол вокзалының бастығына;

4) облыс, респубикалық маңызы бар қала, астана, аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімдігі жанындағы терроризмге қарсы комиссияның шешімімен облыстың,

республикалық маңызы бар қаланың, астананың ТТО объектілерінің тізбесіне енгізілген теміржол инфрақұрылымы объектілерінің басқа да басшыларына жүктеледі.

2-тaraу. Откізу және объектішілік режимдерді ұйымдастыруға қойылатын талаптар

7. Откізу режимі компанияның жалпы қауіпсіздік жүйесінің бөлігі болып табылады және персонал мен сайтқа келушілердің қауіпсіздік деңгейінің жоғарылауын қамтамасыз етуге арналған.

8. Откізу режимі қолжетімділігі шектеулі күзетілетін аймақтарды белгілеу және қорғау, ТТО объектілерінің күзетілетін аймағында орналасқан жабдықтардың, ғимараттар мен құрылыштардың сақталуын қамтамасыз ету, сондай-ақ жолаушыларды, келушілерді, олардың жаңындағы заттарды, оның ішінде қол жүгі мен багажды тексеру жөніндегі іс-шараларды қамтиды.

Откізу режимі мынадай:

- 1) терроризмге қарсы қорғаныс деңгейін арттыру;
- 2) күзетілетін аймақтарға, қолжетімділігі шектеулі аймақтарға және бөгде адамдар мен көлік құралдарының ТТО объектісінің аумағына рұқсатсыз кіру мүмкіндігін болдырмау;
- 3) ТТО объектісінің аумағына (аумағынан) кіру (шығу), кіру (шығу) кезінде тәртіпті белгілеу және қолдау;
- 4) мұлікті, оның ішінде тыйым салынған заттарды объектінің аумағына және аумағынан рұқсатсыз енгізуді (шығаруды) және әкелуді (әкетуді) алып тастау мақсатында енгізіледі.

9. Компанияның әкімшілік ғимаратындағы откізу және объектішілік режимдер "Қазақстан темір жолы" ұлттық компаниясы" акционерлік қоғамының әкімшілік ғимаратындағы откізу және объектішілік режим қағидаларына" сәйкес қамтамасыз етіледі.

10. Облыстық, республикалық маңызы бар қаланың, астананың, ауданнның (облыстық маңызы бар қаланың) әкімдігі жаңындағы терроризмге қарсы комиссияның шешімімен облыстық, республикалық маңызы бар қаланың, астананың ТТО объектілерінің тізбесіне енгізілген "сыныптан тыс", "1", "2" және "3" сыныптарға жататын теміржол вокзалдарында откізу және объектішілік режимдерді қамтамасыз ету тәртібін ҚТЖ басшылығы белглейді.

11. Облыстық, республикалық маңызы бар қаланың, астананың, ауданнның (облыстық маңызы бар қаланың) әкімдігі жаңындағы терроризмге қарсы комиссияның шешімімен облыстық, республикалық маңызы бар қаланың, астананың ТТО объектілерінің тізбесіне енгізілген теміржол инфрақұрылымының басқа объектілерінде откізу және объектішілік режимдерді қамтамасыз ету тәртібін ҚТЖ объектісінің басшылығы белглейді.

12. Терроризмге қарсы операцияны жүргізу кезеңінде өткізу және обьектішілік режимді қамтамасыз етуді терроризмге қарсы құрес жөніндегі жедел Штаб (республикалық, облыстық, қалалық) реттейді.

13. Өткізу режимін енгізудің алдында дайындық жұмыстары жүргізіледі:

1) күзетілетін аймақтың, қолжетімділігі шектеулі аймақтың шекараларын айқындау;

2) жеке, көліктік және материалдық рұқсаттамалардың (бұдан әрі – белгіленген үлгідегі рұқсаттамалар) бірыңғай үлгілерін енгізу, оларды есепке алу, тіркеу және беру жөніндегі жұмысты ұйымдастыру;

3) ТТО обьектісінің аумағын күзет қызметінің нарядтарымен патрульдеуді ұйымдастыру.

14. ТТО обьектісінде өткізу режимін ұйымдастыру тәртібінен басқа қамтамасыз ету жөніндегі іс-шаралар мыналарды қөздеуге тиіс:

1) тиісті өткізу режимін ұстап тұру үшін жауапты адамды (тұлғаларды) және (немесе) бөлімшені (бөлімшелерді) айқындау;

2) күзет қызметтерін көрсету туралы шартта терроризмге қарсы қорғалуды және қауіпсіздік деңгейін қамтамасыз ету жөніндегі күзет қызметі субъектісінің жауапкершілігі мен міндеттерін бекіту.

15. Өткізу режимінде үй-жайларға, ТТО обьектісінің ықтимал қауіпті участеклері мен сынни аймақтарына рұқсаты шектеулі үй-жайларға кіруді шектеу мақсатында ТТО обьектісін аймақтарға бөлуді қөздейді.

16. Осы Нұсқаулықтағы жалпы қарап тексеру аймақтары деп қызметкерлерді, келушілерді, жалға алушыларды, жолаушыларды, олардың жанындағы заттарды, оның ішінде қол жүгі мен бағажды тексеріп қарауды жүргізу үшін ТТО обьектілерінің ғимаратына кіре берісте орналасқан арнайы жабдықталған пункттер (ішкі БӨП) түсініледі.

17. Жалпы қарап тексеру аймақтары бір немесе бірнеше қарап тексеру пункттерінен тұрады және санитариялық-эпидемиологиялық қағидалар мен нормалардың талаптарына жауап беретін жеке қарап тексеру жүргізуге арналған үй-жайлары (бөлмелері) болуға тиіс.

18. ТТО обьектісінің әкімшілік ғимараттарына баратын адамдарды, олардың жанындағы заттарды, оның ішінде қол жүгі мен бағажды тексеруді жалпы тексеріп қарау аймақтарында тексеру (күзет) қызметі Қазақстан Республикасы Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрінің міндеттін атқарушының "Көлік инфрақұрылымы обьектілеріне баратын жолаушылар мен адамдарды, олардың жанындағы заттарды, оның ішінде қол жүгі мен бағажды тексеріп қарауды жүргізу қағидалары мен талаптарын бекіту туралы" 2022 жылғы 27 мамырдағы № 301 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 28298 болып тіркелген) (бұдан әрі - Қағидалар) бұйрығына сәйкес жүзеге асырады.

19. Персоналды, жолаушылар мен келушілерді, олардың жанындағы заттарды, оның ішінде қол жугі мен бағажды тексеру Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен тізбеке сәйкес көлік инфрақұрылымы обьектісіне енгізуге тыйым салынған заттар мен заттардың ТТО обьектілеріне әкелінуіне жол бермеу жолымен ТТО обьектілерінің терроризмге қарсы қорғалуын және қауіпсіздігінің тиісті деңгейін қамтамасыз ету үшін жүзеге асырылады.

Мұндай тексеру үшін қол жүргін, бағажды тексеруден өтуден немесе көрсетуден бас тартқан адамдарға ТБТ обьектісіне жіберілмейді.

20. Тексеру іс-шаралары жүргізілетін теміржол вокзалдарында қоғамдық тәртіпті қорғау және жалпы тексеру аймақтарын патрульдеу полиция қызметкерлерімен жүзеге асырылады.

21. Тексеру барысында ТТО обьектілеріне енгізуге тыйым салынған заттар мен заттар табылған кезде Қағидаларға сәйкес іс-шаралар жүргізіледі.

22. Объектінің күзету қызметі жүзеге асыратын обьектішілік режим мыналарды қамтиды:

1) ТТО обьектісінде аппарат, филиалдар, компанияның еншілес ұйымдары қызметкерлерінің, өз қызметін обьектіде жүзеге асыратын заңды тұлғалар қызметкерлерінің, жолаушылар мен келушілердің қолжетімділігін қамтамасыз ету және олардың болу тәртібін бақылау;

2) ТТО обьектісінде орнатылған инженерлік-техникалық жабдықтың жұмыс істеу режимін бақылау;

3) ТТО обьектісінде жөндеу-құрылыш, тиеу, түсіру және жұмыстарды жүргізу тәртібін бақылау;

4) ТТО обьектісінің персоналы мен келушілерінде рұқсаттаманың болуын, сүйемелдеудің болуын, сондай-ақ автокөлік құралдарының кіруі кезінде рұқсаттаманың болуын бақылау;

5) обьектіде экстремизмді, әлеуметтік, ұлттық, нәсілдік немесе діни алауыздықты қоздыруды, билікті күштеп ауыстыруға, сондай-ақ рұқсат етілмеген қоғамдық-саяси акциялар мен үгіт-насихат жұмыстарын жүргізуге шақыруды насихаттайтын баспа және қолжазба өнімдерінің таралуына жол бермеу;

6) ТТО обьектісінің режимдік үй-жайларында және қолжетімділігі шектеулі аймақтарында бөгде адамдарды сүйемелдеу кезінде бақылауды қамтамасыз ету;

7) обьектішілік режим қағидаларын бұзы фактілерін бақылауды және құжаттауды қамтамасыз ету.

23. ТТО обьектілерін күзетудің инженерлік-техникалық құралдары обьектілерді пайдалануды қамтамасыз ететін күзет бөлімшесінің пультіне шығарылады.

24. ТТО обьектілерін күзетуді және қауіпсіздікті қамтамасыз етуді күзет қызметі субъектілері жүзеге асырады:

1) стационарлық бекеттерді қою;

- 2) жаяу нарядтармен патрульдеу тәсілімен;
- 3) инженерлік-техникалық күзет құралдарының көмегімен;
- 4) қызметтік иттерді пайдалану арқылы.

3-тaraу. Профилактикалық және оқу іс-шараларын үйымдастыруға қойылатын талаптар

25. Профилактикалық және оқу іс-шараларын өткізу дің мақсаты ТТО объектілерінде жұмыс істейтін адамдардың арнағы даярлық деңгейін арттыру, сондай-ақ кенеттен туындаған міндеттерді шешуге күштер мен құралдардың дайындығын тексеру болып табылады.

26. Профилактикалық және оқу іс-шараларын облыстық, республикалық маңызы бар қаланың, астананың терроризмге қарсы комиссиясы (бұдан әрі-терроризмге қарсы комиссия) ТТО объектілерінің меншік иелерімен, басшыларымен, персоналымен үйлестіру кезінде үекілетті орталық мемлекеттік органдардың және жергілікті өзін-өзі басқару органдарының аумақтық бөлімшелері тұрақты негізде үйымдастырады.

Терроризмге қарсы комиссия ТТО объектілерінің меншік иелерінің, басшыларының және лауазымды тұлғаларының хабардар болуын арттыруға бағытталған профилактикалық іс-шараларды үйлестіреді:

1) террористік сипаттағы өзекті қауіптер туралы;

2) ТТО объектілерінің терроризмге қарсы қорғалуын қамтамасыз ету бөлігінде терроризмге қарсы іс-қимыл саласындағы Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық базасы туралы;

3) терроризм актісін жасауға кедергі келтіретін (ТТО объектісіне қатысты терроризм актісін жасау тәуекелін төмендету), сондай-ақ ықтимал террористік қатерлердің салдарын барынша азайтуға және (немесе) жоюға ықпал ететін жағдайлар жасау туралы.

27. Профилактикалық және оқу іс-шаралары Осы нұсқаулыққа 1-қосымшада көрсетілген террористік түрғыдан осал теміржол инфрақұрылымы объектілерін терроризмге қарсы қорғауды үйымдастыру бойынша сабактар тақырыптарының нұсқаларына сәйкес ТТО объектісінде жұмыс істейтін адамдармен нұсқамалар және сабактар (практикалық және теориялық) нысанында жүргізіледі.

Профилактикалық және оқу іс-шараларын өткізу туралы Осы нұсқаулыққа 2-қосымшага сәйкес нысан бойынша терроризмге қарсы дайындық бойынша өткізілген сабактар туралы жазбаша есеп жасалады.

Есепке өткізілген сабакқа қатысты жоспарлар, конспектілер, сценарийлер және басқа да материалдар қоса беріледі.

28. Өткізу сипаты мен уақыты бойынша нұсқаулық жоспарлы және жоспардан тыс болып бөлінеді.

29. Нұсқама беру кезінде ТТО объектісінде жұмыс істейтін адамдарға ТТО объектісі үшін ең ықтимал террористік қауіптердің сипаты мен ерекшелігі және олар

туындаған кездегі мінез-құлық ережелері, салдарды азайту және жою тәсілдері жеткізіледі.

30. Жоспарлы нұсқама жылына кемінде бір рет немесе жұмыс әдісіне (вахталық, ауысымдық, маусымдық) байланысты екі жылда кемінде бір рет жүргізіледі.

31. Жоспарлы нұсқама жеке және (немесе) ТТО объектісінде жұмыс істейтін адамдар тобы үшін жүргізуі мүмкін.

32. Жоспардан тыс нұсқаманы ТТО объектілерінің меншік иелері, басшылары немесе лауазымды адамдары, ТТО теміржол инфрақұрылымы объектілерін терроризмге қарсы қорғау бойынша даярлау және қайта даярлау бағдарламасы негізінде даярлау курстарынан өткен Күзет қызметі субъектілерінің басшылары не өткізілетін оқу-жаттығуларға, жаттығуларға және эксперименттерге тартылған мемлекеттік органдардың өкілдері жүргізеді:

- 1) ТТО объектісі орналасқан өңірде террористік қауіптілік деңгейін енгізу;
- 2) терроризм актісін жасау қаупі туралы ақпараттың болуы;

3) ТТО объектілерін терроризмге қарсы қорғауды ұйымдастыру бойынша оқу-жаттығуларға, жаттығуларға, эксперименттерге дайындық;

- 4) күзет іс-шараларын өткізуге дайындық.

33. Жоспардан тыс нұсқама жеке немесе қажетіне қарай ТТО объектісінде жұмыс істейтін адамдар тобымен жүргізіледі. Жоспардан тыс нұсқаманың мазмұны оны жүргізу қажеттілігін тудырған себептер мен жағдайларға байланысты әрбір нақты жағдайда айқындалады.

Бұл ретте шешілетін негізгі міндеттер:

1) ТТО объектісінде жұмыс істейтін адамдарға ықтимал қауіптің негізгі көздері туралы ақпаратты жеткізу;

2) ТТО объектісінде жұмыс істейтін адамдарға жұмыс беруші ұйымның терроризмге қарсы қорғалуына қатысты мәселелерді түсіндіру;

3) таңертең объектіде жұмыс істейтін адамдарды объектінің аумағы шегінде террористік акт жасау жағдайындағы іс-қимыл тәртібімен егжей-тегжейлі таныстыру нақтыланады.

34. Практикалық және теориялық сабактар ТТО объектісінің меншік иесі, басшысы (күзет қызметі субъектісінің басшысы) бекіткен өткізу кестесіне сәйкес, жиілігі жылына кемінде бір рет өткізіледі.

Практикалық және теориялық сабактар жеке немесе ТТО объектісінің жұмыс істейтін адамдар тобымен өткізіледі.

Теориялық сабактар барысында тиісті ақпарат жеткізіледі, практикалық сабактар барысында персоналдың іс-әрекеттері пысықталады:

- 1) қауіпсіз және кедергісіз эвакуация жүргізу бойынша;
- 2) терроризм актісі қаупі төнген жағдайда;
- 3) ТТО объектісінде күдікті адамдар мен заттар табылған кезде.

Күзет қызметінің субъектілері күзет қызметкерлерімен оқу жаттығуларын (оқу-жаттығу сабактарын) тоқсан сайын арнайы әзірленген кестелерге сәйкес өткізеді, оны күзет бөлімшесінің бастығы бекітеді.

Оқу-жаттығу жоспарын күзет бөлімшесінің басшысы және тапсырыс беруші бекітеді.

Терроризмге қарсы қорғау жөніндегі іс-шараларды жүргізуге жауапты адам бекітілген жоспарға қатаң сәйкес әрекет етеді. Жоспарда көрсетілген уақытта ТТО объектісіне келіп, алдын ала шартталған тәсілмен "Дабыл" белгісін береді, оны беру уақытын белгілейді, оқиға орнында күзет қызметкерлерінің, аға ауысымның (қарауыл бастығының) уақтылы келуін және іс-әрекетінің дұрыстығын-күзет қызметкерлерінің басшылығы бойынша және кіріспе міндеттерді жеткізу кезінде шешімдер қабылдау бойынша бақылайды.

35. Тізбеке сәйкес көлік инфрақұрылымы объектісіне енгізуге тыйым салынған заттар мен заттарды анықтау мақсатында тексеруді жүзеге асыратын күзет қызметі субъектісінің қызметкерлері компьютерлік тренажерлерді (симуляторларды) қолдана отырып, рентген суреттерін интерпретациялау саласында бастапқы даярлаудан және қайта даярлаудан өтуге тиіс. Қайта даярлау кемінде екі жылда бір рет жүргізіледі.

36. Өткізу режимін ұйымдастыруға жауапты қызметкерлермен терроризмге қарсы қорғаныстың инженерлік-техникалық құралдарын, үй-жайларды тексеру техникасын пайдалану дағдыларын игеру және (немесе) жетілдіру, жарылғыш құрылғыларды төсеудің ықтимал орындарын анықтау бойынша қосымша сабактар өткізіледі.

4-тaraу. Террористік көріністерге дең қою, сондай-ақ жасалған терроризм актісінің нәтижесінде туындаған техногендік сипаттағы қатерлерді жою мәселелері бойынша өзара іс-қимылды ұйымдастыруға қойылатын талаптар

37. ТТО объектілерінің меншік иелері, басшылары, күзет қызметі субъектілерінің басшылары терроризм актісін (актілерін) жасау немесе жасау қатеріне дең қоюға әзірлікті қамтамасыз ету шенберінде:

1) терроризм актісін (актілерін) жасау немесе жасау қаупі туралы Қазақстан Республикасының аумақтық ішкі істер және Ұлттық қауіпсіздік органдарын деру хабардар ету;

2) уәкілдепті мемлекеттік органдардан терроризм актісін (актілерін) жасау немесе жасау қаупі туралы ақпарат алған кезде алғашқы дең қою іс-шараларын орындау;

3) жасалған терроризм актісінің нәтижесінде туындаған техногендік сипаттағы қатерлерді азайтуға және жоюға бағытталған алғашқы дең қою іс-шараларын орындау.

Терроризм актісін (актілерін) жасау немесе жасау қатерлері анықталған кезде ТТО объектісінің персоналы Осы нұсқаулыққа З-қосымшаға сәйкес теміржол көлігі қызметкерлерінің террористік сипаттағы ықтимал қауіптерге жасалған іс-қимыл алгоритміне сәйкес әрекет етеді.

ТТО объектілерінің меншік иелері, басшылары, күзет қызметінің субъектілері уәкілетті мемлекеттік органдарға және (немесе) жедел штабтарға терроризмге қарсы түрлі деңгейдегі оқу-жаттығуларды, жаттығуларды, эксперименттерді және терроризмге қарсы операцияларды дайындау және жүргізу кезінде жәрдем көрсетеді.

38. ТТО объектісінің басшылары, персоналы, күзет қызметі субъектілерінің қызметкерлері терроризм актісін жасау кезінде немесе оны жасау қаупі туралы аумақтық Ұлттық қауіпсіздік органдарын, ішкі істер органдарының бөлімшелерін және мұдделі тұлғаларды Осы нұсқаулыққа З-қосымшада ұсынылған алгоритмдерге сәйкес хабардар етеді.

Ақпарат беру кезінде терроризм актісінің жасалғаны туралы немесе оның жасалу қаупі туралы алынған мәліметтер, объектінің атауы мен мекенжайы, оқиға болған уақыты, зардап шеккендердің болуы, олардың орналасқан жері мен жай-күйі, хабарламаны беретін адамның тегі, аты және әкесінің аты (ол болған кезде) және ол атқаратын лауазымы көрсетіледі.

Толық деректердің болмауы жауапты тұлғаларды дереу баяндамадан босатпайды.

39. Теміржол көлігі, терроризмге қарсы оқу-жаттығулар мен жаттығулар саласындағы қызметті жүзеге асыратын объектілерде ұйымдастыру және өткізу қажет болған жағдайда объект басшылығы облыстық, республикалық маңызы бар қаланың, астананың, аудандық (облыстық маңызы бар қаланың) терроризмге қарсы оқу-жаттығулар мен жаттығуларды жыл сайын жоспарлау кезінде оларды өткізу туралы ұсынысқа бастамашылық жасайды.

Объектіде терроризмге қарсы оқу-жаттығулар мен жаттығуларды ұйымдастыру және өткізу шұғыл (шұғыл) қажет болған жағдайларда оның басшылығы терроризмге қарсы күрес жөніндегі облыстық, республикалық маңызы бар қаланың, астананың, ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) басшысының алдына ұсыныс жасауға бастамашылық жасайды.

Терроризмге қарсы жоспардан тыс көп деңгейлі оқу-жаттығулар мен жаттығуларды өткізу туралы шешімді Қазақстан Республикасы Терроризмге қарсы орталығының жұмыс органдымен келісім бойынша терроризмге қарсы күрес жөніндегі жедел штабтың облыстық, республикалық маңызы бар қаланың, астананың, ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) басшысы қабылдайды.

40. Жарлыққа сәйкес террористік қауіптілік деңгейлерін белгілеу кезінде ТТО объектілерінің меншік иелері, иелері, басшылары немесе лауазымды адамдары мынадай қауіпсіздік шараларын қолданады:

1) террористік қауіптіліктің орташа "сары" деңгейін белгілеу кезінде:

барлық қолда бар байланыс арналары бойынша компанияның басшыларына, оның филиалдарына, еншілес ұйымдарына және құрылымдық бөлімшелеріне, ТТО объектісінің персоналына террористік қауіптіліктің орташа ("сары") деңгейін енгізу туралы ақпаратты жеткізу;

ТТО объектілерінің терроризмге қарсы қорғалуы паспорттарының болуы мен өзектілігін нақтылау;

өткізу және объектішлік режимдерге бақылауды қүшету (ТТО объектілерінде белгіленген арнайы құзет және қарап тексеру жабдығының жай-күйінің жарамдылығын тексеру, қажет болған жағдайда арнайы техникалық құралдарды, персоналды, жолаушыларды, көлік құралдарын, ТТО объектілеріне баратын адамдарды пайдалана отырып, толық қарап тексеруді ұйымдастыру, штат пен жабдықтың толық жиынтығында қарап тексеру бекеттері мен құзет бекеттерінің жұмыс істеуін қамтамасыз ету) вокзалдарын, жертөлелердің, шатырлардың және аумақтардың үй-жайларын жарылғыш заттар мен жарылғыш құрылғылардың салынуы мүмкін екендігіне тексеру, көзделмеген жерлерде жанғыш және өрт-жарылыс қауіпті заттардың, сондай-ақ құдікті заттардың болуы;

құдікті заттарды табу мақсатында құзет қызметі субъектісінің аумағы мен үй-жайларын тұрақты аralауды және қарап-тексеруді ұйымдастыру;

өрт сөндіру құралдарының, өрт дабылының және құлақтандыру және эвакуацияны басқару жүйесінің болуын және жұмыс істеуін тексеру;

адамдарды қауіпсіз эвакуациялауды жүзеге асыруға мүмкіндік беретін ТТО объектілерінің эвакуациялық жолдары мен эвакуациялық шығу сызбаларының болуын және жұмыс істеуін тексеру;

ТТО объектілерінің персоналымен, құзет қызметтерін көрсету туралы шарт жасасқан құзет қызметі субъектілерінің қызметкерлерімен, құдікті адамдар мен заттар табылған кездегі іс-әрекеттер, сондай-ақ террористік актілер жасалған кездегі қырағылық таныту және практикалық сабактар туралы нұсқамалар өткізу;

вокзалдарда, станцияларда, аялдама пункттерінде тұрған адамдарға жарылғыш құрылғылар мен құдікті заттар табылған кездегі іс-қимыл тәртібін, сондай-ақ эвакуациялау кезіндегі іс-қимыл тәртібі туралы ақпаратты дауыстық ақпарат арқылы жеткізуді қамтамасыз ету;

сәлемдемелерді, бандерольдерді, хаттарды және басқа да бөгде заттарды тасымалдауға тыйым салу;

тексеру, қажет болған жағдайда Ұлттық Қауіпсіздік Комитеті, Қазақстан Республикасы Ішкі Істер, төтенше жағдайлар министрліктері аумақтық органдарының кезекші бөлімдеріне құдікті заттар немесе террористік актіні өткізу қаупі белгілері анықталған кезде хабарлау қажет телефон нөмірлерін ТКО объектілерінің барлық персоналына жеткізу.

2) террористік қауіптіліктің жоғары "қызығылт сары" деңгейі белгіленген кезде 40-тармақтың 1-тармақшасында көзделген қауіпсіздік шараларына қосымша мыналар жүргізіледі:

ТТО объектілерінің қызметкерлерін жеке қорғану құралдарымен жабдықтау және қажет болған жағдайда эвакуациялау орындары мен баспана дайындау;

террористік актілердің салдарын жоюға арналған күштер мен құралдардың, сондай-ақ объект аумағында авариялық-құтқару жұмыстарын жүргізуге арналған техникалық құралдар мен арнайы жабдықтардың есебін нақтылау, олардың іс-әрекетке дайындығын тексеру, қосалқы бөлшектердің, құралдар мен бөлшектердің қажетті санымен қамтамасыз ету;

қажет болған жағдайда қауіпті өндірістік объектілердің қызметін және күзет қызметін тоқтата тұру.

3) террористік қауіптіліктің сыни "қызыл" деңгейі белгіленген кезде 40-тармақтың 1 және 2-тармақшаларында көзделген қауіпсіздік шараларына қосымша мыналар жүргізіледі:

ТТО объектісі персоналының тәулік бойы кезекшілігін орнату. Кезекші персоналы жоқ объектілерде персоналдың демалу және жылыту орындарымен (автомашиналар, вахталар, кабиналар және т.б.), диспетчерлік қызметтерді дереге хабардар ету үшін тұрақты байланыстың болуымен тәулік бойы кезекшілік ұйымдастырылады;

көпірлерді, тоннельдерді күзетуді қосымша нарядтармен/кезекші ауысымдармен қүшайту;

халықтың тіршілігін қамтамасыз ету объектілерін және теміржол объектілерін (қазандықтар, қосалқы станциялар, ЭЦ бекеттері және т.б.) күзетуді қамтамасыз ету, бөгде адамдардың инфрақұрылым объектілеріне кіруіне тыйым салу, бекіту құрылғыларын тексеру;

рейс алдындағы тексеру барысында және жол жүру жолында күдікті, иесіз, жарылыс қаупі бар заттарды анықтау тұрғысынан локомотивтерге, вагондарға қосымша мерзімді тексерулер жүргізу;

диспетчерлік байланыс жөніндегі локомотив бригадаларының теміржол объектілерінің жанында бөгде адамдардың, техниканың болуы туралы дереге хабардар етуі;

террористік актінің зардалтарын жоюға тартылатын күштер мен құралдарды (өртке қарсы және қалпына келтіру поездарын, авариялық қалпына келтіру бригадалары мен техникасын) тағайындау жөніндегі іс-қимылдарға әзірлікке келтіру;

ТТО объектілері персоналын, келушілерді және жолаушыларды қажет болған жағдайда қауіпсіз орындарға эвакуациялауды және паналауды қамтамасыз ету;

күш құрылымдарының өкілдеріне терроризмге қарсы, жедел-іздестіру және іздестіру іс-шараларын жүргізуде жан-жақты көмек көрсету;

адамдарды құтқару бойынша шұғыл шаралар қабылдау, құтқару қызметтері мен құралымдарының үздіксіз жұмысына жәрдемдесу;

объектілердің қызметін тоқтата тұру;

күзет қызметін тоқтата тұру.

5-тарау. ТТО объектінің терроризмге қарсы қорғалу паспортын әзірлеуге және онымен жұмыс істеуге қойылатын талаптар

41. Террористік түрғыдан осал объектінің терроризмге қарсы қорғалу паспорты (бұдан әрі – паспорт) терроризмге қарсы іс-қимылды жүзеге асыратын мұдделі органдардың объектідегі терроризм актілерінің алдын алу, жолын кесу, азайту және (немесе) зардалтарын жою жөніндегі іс-шараларды жоспарлау кезінде пайдалануға арналған.

42. Паспортқа эвакуациялау орны, жинау нұктелері, террористік түрғыдан осал теміржол инфрақұрылымы объектінің персоналын, жолаушыларын және келушілерін төтеше жағдайлар туралы хабарлау жүйесі туралы ақпарат енгізіледі.

43. Паспорт – қол жетімділігі шектеулі ақпаратты қамтитын құжат болып табылады.

44. Паспорт таратылуы шектелген қызметтік ақпаратты қамтитын құжат болып табылады және егер оған құпиялыштық белгісі берілмесе, "Қызметтік пайдалану үшін" деген белгісі болады. Паспортқа құпиялыштық белгісін беру туралы шешім Қазақстан Республикасының Мемлекеттік құпияларды қорғау саласындағы заңнамасына сәйкес қабылданады немесе объектілердің басшылары паспортқа оны әзірлеуге қатысы жоқ адамдарға қол жеткізуі шектеу, объектінің терроризмге қарсы қорғалуын қамтамасыз ету, объектілердің терроризмге қарсы қорғалуының жай-күйін бақылау, терроризмге қарсы құрес жөніндегі жедел штабтың қызметінде шаралар қабылдайды.

45. Объектінің басшысы паспортын әзірлеуге, оны сақтауға және паспорт деректерін уақтылы жаңартуға жауапты (жауапты) адамды (адамдарды) тағайындаиды.

46. Паспорт "Террористік түрғыдан осал объектілердің терроризмге қарсы қорғалуының үлгілік паспортын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2023 жылғы 14 маусымдағы № 481 және Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті төрағасының 2023 жылғы 26 маусымдағы № 51/ке бірлескен бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 32950 болып тіркелген) сәйкес әзірленеді.

Ескерту. 46-тармақ жаңа редакцияда - КР Көлік министрінің 21.05.2024 № 181 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

47. Ғимарат, ғимарат (ғимараттар мен құрылыштар кешені) бірнеше құқық иеленушілерге тиесілі теміржол инфрақұрылымының ТТО объектілерін орналастыру үшін пайдаланылған жағдайларда, паспорт жасау олардың арасындағы жазбаша келісім бойынша ТТО объектілерінің барлық құқық иеленушілерімен немесе олардың біреуімен бірлесіп жүзеге асырылады.

48. Бірлесіп жасалған кезде паспорты барлық ТТО объектілерінің иелерімен бекітеді.

49. Бір меншік иесі, иеленуші жасаған кезде паспортты ТТО объектісінің басшысы басқа меншік иелерінің келісімі бойынша бекітеді, объект иеленушілері нақтылайды

50. Паспорттың жобасы объектінің басшысы объектіні террористік тұрғыдан осал объектілердің, облыстық, республикалық маңызы бар қаланың, астананың тізбесіне (бұдан әрі – аумақтық тізбе) енгізу туралы тиісті хабарлама алған кезден бастап қырық бес жұмыс күні ішінде жасалады.

51. Әзірленген паспорттың жобасы жасалғаннан кейін құнтізбелік он күн ішінде объектінің орналасқан жері бойынша аумақтық ішкі істер органының басшыларымен келісіледі.

52. Паспорттың жобасын келісу мерзімі үлгілік паспортта көрсетілген лауазымды адамға паспорт келіп түскен күннен бастап он бес жұмыс күнінен аспауға тиіс.

